

Балалардың қауіпті әрекеттерінің алдын алу

Құрметті ата-аналар!

Соңғы кездері балалар арасында шатырдан секіру немесе өз өмірін қатерге тігу арқылы әлеуметтік желілерде танымал болуға немесе қандайда бір эмоционалдық қажетілігін өтеуге (ақша алуға, танымал болуға, ішкі дүниесін жеткізуге) тырысу жағдайлары тіркеліп жатыр. Бұл өте қауіпті әрі өмірге қауіп төндіретін әрекеттер.

Осы қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін ата-аналарға маңызды ақпарат ұсынамыз:

Баланың өз-өзіне қастандық қылуы(self-harm) деген не? Және оның себебі!

(self-harm) сөзі ағылшын тілінде өзіне-өзі зиян келтіру, өзін-өзі зақымдау деген мағынаны береді.

Жасөспірім кезінде өзіне-өзі зиян келтіруге бағытталған әрекеттер ішкі (психикалық) себептермен, өсіп келе жатқан жасөспірімнің дағдарыстық немесе психикалық денсаулығының бұзылуының симптомы ретінде байқалуы мүмкін, алдын-алмаса олардың білімі мен әлеуметтік қарым-қатынасқа, өміріне қауіпті болуы мүмкін.

Games



SCHOOLBOY RUNAWAY - STEALTH

Run away from home for a walk!

[Get](#)



Joker Show Horror Escape

How to summon a jester!

[Get](#)



Metel Horror Escape

Can you escape from maniac?

[Get](#)

1. Балаңызбен ашық сөйлесіңіз:

Баламен осы тақырыпта сөйлесіп, оның не істеп жүргенін, кіммен араласатынын және қандай контент көретінін білуге тырысыңыз.

Қауіпті әрекеттердің салдары туралы түсінік беріп, осындай қадамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретінін түсіндіріңіз.

1. Әлеуметтік желілерді бақылаңыз:

Балаңыздың әлеуметтік желілердегі белсенділігін қадағалаңыз. Ол қандай топтарға қосылғанын, қандай контент көретінін және кімдермен сөйлесетінін тексеріңіз.

Егер қауіпті ойындар немесе топтар байқалса, дереу шара қолдану керек. (мамандарға жүгәну, ақпарат беру)

2. Жасөспірімнің эмоционалдық жағдайын бақылаңыз:

Балаңыздың көңіл-күйін, өзін-өзі қалай сезінетінін бақылап отырыңыз. Қиындықтармен жалғыз қалмау үшін оған қолдау көрсетіп, жақын болуға тырысыңыз.

Егер балаңыздың мінез-құлқы өзгерсе, мазасыздық немесе күйзеліс белгілері байқалса, психологтың көмегіне жүгініңіз.

1. Баланы қауіпсіз ойындар мен іс-әрекеттерге бағыттаңыз:

Жасөспірімдер энергиясын дұрыс бағытта жұмсауы үшін спорттық секциялар, шығармашылық үйірмелер немесе еріктілер топтарына қатысуын қамтамасыз етіңіз.

Әлеуметтік желідегі қауіпті челленджердің орнына, пайдалы және қауіпсіз әрекеттерге қызығушылығын арттыруға тырысыңыз.

2. Мектеппен және басқа ата-аналармен байланыста болыңыз:

Баланың ұстаздарымен және басқа ата-аналармен байланыста болып, жағдайды бірге бақылаңыз. Егер басқа балалар да осындай қауіпті әрекеттерге қызығушылық танытса, бұл туралы бір-біріңізге хабарлап отырыңыз.

Жадынама:

- Қауіпсіздік – бірінші орында.
- Балаңызды тыңдаңыз және онымен ашық сөйлесіңіз.
- Әлеуметтік желілердегі әрекеттеріне назар аударыңыз.
- Оған түсіністікпен қарап, әрдайым қолдау көрсетіңіз.

Баланың қауіпсіздігі сіздің бақылауыңыз бен қамқорлығыңызға байланысты! Қандай да бір күдікті жағдай байқасаңыз, дереу әрекет етіп, мамандардың көмегіне жүгініңіз.

